

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін

Балабақша менгерушісі

Р.Қаламбаева

«Балауса» кіші тобы

Ертеңгілі

Жомарт екен күз деген

Тәрбиешілері: Бекенова.Ғ

Маханбетова .М

2021-2022ж

Жомарт екен күз деген!

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, қонақтар, педагогтар! Бүгінгі
« Жомарт екен күз деген»
атты ертеңгілігімізге қош келіңіздер. ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймын.

Барысы: Ортаға 2 бала шығады:

Жанерке: Қуаныштың ағайын

Қоңырауын қағайын

Қуандырын біздерді

Өлкемізге күз келді!

Алинұр: Айнала сары ала

Қырманға дән тола

Жемістер пісіпті

Қоймаға түсіпті!

Жанерке: Ендеше не тұрыс

Болмасын жан қалыс

Тойлайық, күлейік

Қуанып билейік!

I. Би "Ромашка"

II. Жанерке: -Келесі кезекті тақпақтарға берейік.

1. Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз

Жиып-теріп болған соң

Той жасайды халқымыз,

Мол өнімді жинаймыз

Елге бәрін сыйлаймыз.

2. Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,

Күн астында алтын дән, тербеледі толқиды

3. Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін /

Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

4. Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. /Аружан/

Бәрін тауып беретін, Жомарт екен күз деген.

5. Күздің қазан айында, алма-алмұрт піседі. /Нұрқанат/

Жапырақтар сарғайып, сыбдыр-сыбдыр түседі.

6. Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар сезгендей. /Д.Іңкәр/

Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей

7. Берекесін сыйлауға, өлкемізге күз келді /Асылжан/

Жемістерін жинауға шақырады біздерді.

8. Жер берді жемісті, күз келді келісті. /Өркен/

Күз байлық мереке, Алтын күз –береке.

9.Құстар қайтты қыс болды,
Ақ бұлт жапты аспанды.
Жапырақ түсін гүл солды. /Расул/
Қараша ызғары басталды.

10. Көбейді құт-береке
Астық толы қоймамыз. /Саян/
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Аяна: Токтаңдар, токтаңдар!

Бойымнан әл құрып
Көздерім бұлдырап
Басым айналып барады!

Жанерке: Енді, енді не істейміз?! қалай көмектесеміз?

Алинұр: Сабыр сақта, саспайық Дәрігер шақырайық!

Аяна: Жо - жок! Дәрігер керек емес! Қазір өзім тұрамын тез!

Жанерке: Онда дәрі ішіп ал,
Менде міне, көп дәрі бар!

Алинұр: Ауырмау үшін суық суға шомылу керек.

Бұл - дәлелденген рецепт!

Аяна: Ах!

Бәрі бірге: Дәрігер, дәрігер! ("Жедел жәрдем" машинасының дыбысы естіледі.
Дәрігер киімін киген бала келеді)

Анель: Мені неге шақырдыңдар,
Қандай шағым, арыздар бар?

Бәрі бірге: дәрігерлік көмек керек!

Анель: Қазір қарап шығайын,
Неден ауырғанын ұғайын...

(Фонендоскоппен кеудесін тыңдайды)

Анель: - А - а - а - деп кане, аузыңды ашшы..... (Тексереді)
Тістерің орнында, тамағыңіспеген ,Қол – аяғың әлсізденген
Қызуың ыстық екен ,Білдім, неден ауырғаныңды...!

Жеткілікті мөлшерде ағзаңа ,Дәрумендер жетіспеген!


Аяна: Енді не істеймін?

Анель: Дәрумендер табиғи болғаны дұрыс,

Көп - көп көкөніс, жемістер жеуге тырыс! (Дәрігер шығып кетеді)

Жанерке

Қазір күз мезгілі түсті ғой,
Жемістер де, көкөністер де пісті ғой!



Қоймаға қоңырау шалайық
Күз өнімдерін осында алдырайық!

Алинұр

Дұрыс айтасың! (Қалта телефонымен қоңырау шалады)

- Алло, алло! Қойма ма?

Бізге жемістер мен көкөністер керек

Машинаға тиен жіберіңіз

Мүмкін болса тезірек!

(
Машинаның дыбысы естіліп, руль ұстаған жүргізуші бала жемістерді «тиеп» алып келеді)

Жеміс: Иісі жұпар аңқыған

Жеміс - жидек боламыз

Дәрумендер мол бізде

Күзде пісіп толамыз

Алма: Қызыл, сары түсім

Домалақ, сұлу мүсін

Ағашта өсем салбырап

Күзде пісем албырап

Өрік: Мына мен өрік

Бакшаға көрік

Піскенде жайнап

Аласың теріп

Жүзім: Мені бәрі жүзім дер

Бір - бірлеп дәмдеп үзіп жер

Қызықтырам көркіммен

Қатар - қатар тізілген

Шие: Мен шиемін, шиемін

Күннің көзін сүйемін

Қажеттімін адамға

Оны жақсы білемін!

Мандарин:

Сарғыш түсті мандарин

Ортасында дәні бар

Ауызға салсаң еритін

Балдай тәтті дәмі бар

Алмұрт: Шамға ұқсаған келісті

Сопакша бір жеміспін

Алмұрт деген атым бар

Тәттісімін жемістің

Жанерке : Бойға қуат нәрі

Таптырмайтын дәрі

Өнімдерді ортаға ала

Тойлайық енді шаттана!

Ән «жау-жау жаңбыр»

Алинұр:

Алтын күз, жаңбырлы күз, жомарткүз, суығы шындайтын, сұлулығы арбайтын
мәрт күздің тойында

- шаршауды білмеуге!..... (Балаларқайталайды)

- көңілді би билеуге!..... (Балаларқайталайды)

- әсем-сазды ән салып, (Балаларқайталайды)

- бір – бірімізге жақсы тілек тілеуге ант етейік!

Балалар: Ант етеміз, ант етеміз, ант етеміз!

Жанерке: Қане онда.....

Қызықтайық бірге, сүйінелік,

шығыс қыздар биіне еріп!

IV. Би «Шығыс биі»

(Би аяқталғанда ұнтаспадан желдің дыбысы естіліп жапырақтар ұшады залға
жапырақ ұстаған жел айналып жапырақтарды шашады.)

Алинұр:

Тентек жел шашып кетіпті

Жапырақтарды сан алуан

Тезірек жинап алайық

Қане, қане кім жылдам?!

V. Ойын «Кім жылдам?»

(ойынға 3 бала шығады, 3 кәрзеңкеге сары, жасыл, қызыл жапырақтарды
жинайды.)

Жанерке : Ортаға көкөністер тобын шақырайық.

Көркі болған бақшаның

Көкөністер мол қанша

Салат жауып алды апам

Қыстық қойма толғанша

Қызанақ

Қызара піскен бақшада

Қызанақты білерсің

Шырыным мен етіме

Тояттап - ақ жүресің

Сәбіз

Қызыл сары сәбізбін

Жер бетінде бұрымым

Көзге берер күш қуат

Дәруменнің бірімін


Капуста

Жайлы жұмсақ төсегім

Домаланып өсемін

Қабат - қабат тоным бар

Қалай оны шешемін



Картоп

Отаным менің қиырдан
Күз болғанда жиылам
Асыққанда аналар
Мені табаға қуырган

Қияр

Бакшада көп өсетін
Мен кәдімгі қиярмын
Жұнын алып жесеңіз
Қырт - қырт етіп тұрамын
Аскабак: Тандандырар бәрін
Аскабакпын дәмді
Кептірілген дәнім
Таптырмайтын дәрі!

Алинұр: Жарнамаға құлақ түріңіздер
Жаналықтарды біле жүріңіздер...

- Әп - сәтте ақ қағазға күзгі табиғатты, күз кереметтерін бейнелеген ата -
анаға үлкен сыйлығымыз бар. Асығыңыздар, асығыңыздар, асығыңыздар! (3
ата - аналар мальбертте сурет сала береді)

ойын: « Жемістер мен көкөністер»

Жанерке: Ортаға дәнді-дақылдарды шақырайық.

Дәнді-дақыл

Алтын - күміс тас екен
Арпа, бидай ас екен
Күзде камба толады
Дәнді дақылдарменен

Бидай

Нан анасы бидаймын
Елге астық сыйлаймын
Дәнім толып піскенде
Қауызыма сыймаймын

Арпа


Күміс мұртты арпамын
Ырысы мол арпамын
Еңбек етіп баптаған
Еліме сый тартамын

Тары

Ақ, қарамын, сарымын
Мен өнімді тарымын
Халкым еңбек сіңірсе
Қайтарамын қарымын

Күріш

Күнді сүйгіш күрішпін
Барлық жұртқа ырыспын
Алсын деп ел мол өнім
Ала жаздай су іштім



Жүгері
Мәшәктай әсем тізілген
Сап сары менің түрім бар
Тойдыратын әрдайым
Жүгерімнің білім ал

Астық-жеміс жнылды,
қамбамызға құйылды.
Ардақты күз –мың алғыс,
алдық өнім сыйынды.

Тәрбиеші: Рахмет көп-көп балалар.

Енді бір сәт назар сап
Мақтау менен сыйға лайық
Сурет өнерін тамашалайық!
(Күзтақырыбына сурет салған ата – аналар ортаға шығып өз туындыларын
көрсетеді)

Тәрбиеші: Өнерлеріңізг еризамыз
Суретші іекенсіздер нағыз
Сыйлығымыз сіздер үшін!
(Күзтақырыбына дайындалған жапсыру, картина, жұмсақ ойыншық түрінде
жасалған жеміс немесе көкөніс т. б. Сыйға тартылады)

Би «Ха-фа-на-на»
(Балабақша меңгерушісі - мен 1 ата - анаға сөз беріледі)

Тәрбиеші: Көңілдің ақ тілегін көл етеміз
Тілектермен нығайсын мерекеміз
Баршаңызға жолдаймыз аппақ алғыс
Осыменен аяқталды мерекеміз

Күз тойын осыменен тамамдайық. Келесі кездескенше қош –сау болыңыздар!